

# АҚМЕШІТ жастары

6+



Газет 2013 жылдың  
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 09 (442)

3 наурыз, 2022 жыл



## КАНАДАДАҒЫ НҮРГҮЛ



Нүргүл Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде бухгалтерлік есеп және экономика мамандығы бойынша білім алған. Содан соң құқықтану мамандығы бойынша Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде оқуын жалғастырған. Қызылорда облыстық әділет басқармасында заңгер болып жұмыс істеген. Кейін ата-анасының рұқсатымен Алматы қаласына қоныс аударған.

— Сол уақытта бас кеңесі Алматыда орналасқан КЕГОС компаниясына жұмысқа тұрдым. Одан Ұлттық банкке ауыстым. Америкалық компанияда консультант қызметін атқарып жүрген күйеуім банктің ішіндегі кеңселердің бірін жалдап, сонда жұмыс істейтін. Ол да заңгер. Сөйтіп көңіліміз жарасып, отбасылы болдық. Үлкен және ортаның ұлымы Қазақстанда дүниеге келді. Кейіннен жұмыс бабымен Черногория, Албания, Үндістан, Болгария және Армения елдерінде тұрдық. Сосын Канадаға келіп, соның ішінде ел астанасы Оттаваға тұрақтадық. Осында кіші ұлымыз дүниеге келді. Ұлдарымын ағылшын және қазақ тіліндегі қос есімі бар. Үлкен ұлымының есімі — Эрик-Ожеан. Ол дүниеге келерден бір жыл бұрын өкем дүние салды. Сол себепті тұңғышымыз Ожеан деп атауды жөн көрдім. Екінші ұлымыз Марк-Эсет атадық. Ал кенжемізді өкесі Фин-Абай деп атауды жөн көрді. Осы ретте қызықты оқиғам тоқталсам, бірде Алматыда қыдырып жүргенімізде Абай даңғылынан өтіп бара жатып «Ана жерде жазылған жазу менің есімім секілді ме?», — деді Фин-Абай.

Сосын Абай есімімен аталған метрода аяғының бейнесін көрсетіп, ол туралы бар білгенімді айтып бердік. Фин-Абай Қазақстанды ерекше жақсы көреді. Қызылордада туысымыздың үйлену тойына бағраннымызда той тойлап, көңіл көтеріп жүрген халықтың дарқандығы мен кең пейіліне риза болып: «Мен осында тұрғым келеді. Адамдар сондай көңілді», — деген болатын. Жолдасым да Абай туралы көп біледі. Үйде ұлы аяқның ағылшын тіліне аударылған кітаптары жетерлік, — дейді Жерлесіміз.

Шетел азаматына өзге елдің Үкімет аппаратына жұмысқа тұру оңай емес. Алайда кейіпкеріміз Оттаваға келген соң Carleton университетінің магистратура бөліміне оқуға түсіп, халықаралық қатынастар бөліміндегі білімін жалғастырған. Магистратурада оқып жүргенінде мемлекеттік қызметке орналасуға мүмкіндік беретін арнайы бағдарламаны пайдаланып, қазір Канаданың өзге елдермен сауда қатынастарын дамытуға атсалысып жүргеніне 7 жылға жуықтапты. — Канадада министрлікке жұмысқа тұру екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бірақ мен жаңағы бағдарлама бойынша конкурстан өту үшін барымды салдым. Жалпы Қазақстанда жүрмесем де, елде болып жатқан жайттарды бақылап отырамын. Ұлым да болашақта Қазақстанның ұлттық құрамына сапында ойнауды армандайды. Елге барсақ, «Барыс» командасында ойнайтын боларсың, «Барыс» барлығын жеңеді» деп айтып отырамын.

Егер елге шақыратын болса, жанына еріп келетін едім. Жалпы Марк-Эсет бастапқыда Канадаға келгісі келмеген. Әкесінің жұмысы бойынша түрлі елде жүргенде Канадаға тек еңбек демалысында келіп-кетіп жүретініб. Сол себепті әдепкіде Канада ұлдарыма тек туристік орын секілді көрінетін. Армениядан

Республикалық басылымдардан Канаданың жасөспірімдер хоккей лигалары командаларының құрамындағы Марк Эбб есімді ойыншының сұхбатын көзім шалғаны бар. Алматы қаласында туған «Карлтон Плейс ДжунIOR Канадианс» клубының хоккейшісі Қазақстан ұлттық құрамында өнер көрсеткісі келетінін айтқан. Ең қызығы, Марктің анасы Нүргүл Қызылорда қаласының тумасы болып шықты. Ол Канада Үкіметінде, нақтырақ айтсақ, Сыртқы істер министрлігінде сауда жөніндегі кеңесші қызметін атқарады.

сонда көшеміз деп шешім қабылдағанда Марк: «Онда барғанда біз не істейміз?» — деп барғысы келмейтінін айтқаны есімде.

Бірде Оттавада Қазақстан жасөспірімдер құрамының Чехия командасына қарсы өткізген ойынына билет пен «Қазақстан» деген жазуы бар шарф сатып алып, аренада «Алга!» деп айқайлап, отбасымызбен жанкүйер болғанбыз. Ұлдарым қазір де «Қазақстан құрамасы ойнайды. Кеттік, бірге көреміз!» деп мені өздерімнен ертіп алады. Үлкенім университетте криминология факультетінде оқиды. Ол да біз секілді заңгер болғысы келеді. Алайда айта кету керек, Канадада заңгер мамандығын меңгергісі келетін жастар алдымен ұқсас мамандық бойынша бакалавриат бөлімінде оқып, сосын заңгер дипломын алуға мүмкіндік беретін екінші оқуды оқуы тиіс, — дейді ол.

Жерлесіміз қазақ және ағылшын тілдерінен бөлек, француз, серб және болгар тілдерін меңгерген. Сөйлескенде екінші тілді араластырмауға, қазақша әңгімелескенде ана тілімізді шұбарламауға тырысатыны да байқалады. Бұған Қызылорданың қазақтылықтың қаймағы бұзылмаған өңір екені және тұрғындардың 95 проценті қазақ тілінде сөйлейтіндігі себеп.

— Қазақ тілін ұмытып қалмас үшін туған-туыстарымымен жиі сөйлесуге тырысамын. Ал ұлдарым жетік сөйлей алмаса да жақсы түсінеді. Кенжем Фин-Абайды еркелетіп, «Ұлым» деп баптасам, ол бірден: «Ай қылып, күн қылып бере салған сол, солай ма?» — деп қазақ тілінде жалғастырып өкетеді. Сосын балаларым Мюзикола тобы орындайтын «Сәй-ай, бөлем» атты бесік жырын жатқа біледі. Қазір «Ауылым көшіп барады...» деп бірінші шумағын әндетіп бастасам, олар «Алмалыға-ай... Кім көнбейді тағдырдың салғанына-ай» деп әрі қарай өкетеді, — дейді кейіпкеріміз.

Жерлесіміз ауылдағы ыстық таба нанның иісін, құнарлы құрт пен сәгін ерекше сағынады. Өр демалыста ет асып немесе шөллек пісіруді әдетке айналдырған екен.

— Оттавада тұратын мұсылмандар саны аз. Ұлдарыма құран бағыштап, шөллек таратып, өмірден озған туыстарды, өзиресе жемді еске алып тұру керек екенін айтып, «Бізде осылай істейді» деп түсіндірдім. Үлкен ұлым әкеме қатты ұқсайды. Әкемнің де шашы бұйра болатын, әкеуінің мінезі ұқсас, — дейді ол әңгіме арасында.

Табысты маман, отбасында аяулы ана атанып отырған кейіпкермен тілдесе отырып, талай белесті бағындырарлықтай күш-қайрат байқалғаны рас. Бұған іштей риза болдық. Билеу шын ниетпен, қолынан келмейтін дүние жоқ деген пікірге қосылдық.

Айлин МАНСҰР

Көктемнің алғашқы аптасы. Төрге өнген жаңару мезгілінің жылуын табиғат сездіріп тұрғандай. Қыстың соңына қарай түні бойы нәсерлерте жауған жаңбырдан кейін төңірек ауыр шекпенді шешіп, жылы күрте жамылды. Тағы бір көктем төкаппар дүниенің табалдырығын имене аттап, сергітер самал әкелгені рас.

Иә, әне-міне дегенше сүйікті мезгіл жетті. Тал-терек бүршік жаярып, тоқсан күн тоң болып қатқан қасиетті қара жер тынысын кеңейтті. Алтын күннің нұрлы шауынан Жер-ананың алғыс әні тамыры түгел иіп, дапа төсі жасаған қыздай құлпыра түскені байқалады.

Шұғылалы мезгіл сән-салтанаты жарасқан, халық шаттыққа кенелген күнмен, Алғыс айту күнімен басталғаны да жүрекке жылу сыйлайды. Қандай керемет! Адамзаттың жылуы әдемі сөз арқылы беріледі. Бір-біріне ризашылығын жеткізіп, тілегін жолдаған жандар бұл күннің шырарын кіргізіп десек, артық айтқандығымыз емес. Орайлы сөтті пайдаланып, біз де оқырманға алғыс білдірсек дейміз. Соңғы керсеткіш бойынша жазылушылар саны 8 мыңнан айналасында екен. Бұл біз үшін жай меже емес. Себебі 8 мың оқырманға пайдалы дүние бөлісіп, рухани ләззат сыйлаймыз деп мағұмұрланып отырамыз. Алты құрлыққа хабар таратпасақ та, алты Алаштың мұңын мұқдалап, жырын жырлауға, өр шаңырақ төріндегі алтын сандық айна-ройлы іс атқаруға пейілдіміз. Сүйікті басылымдарыңыз — «Ақмешіт жастарының» таралымын ұлғайтуға ықпал еткен өрбір жаңа аққарма пейілмен Алғыс айтамыз! Тарихи мен тамыры тереңнен бастап алатын журналистика саласында еңбек етудің өзі — өрлік. Оның үстіне интернет сайт пен электронды БАҚ-тың дамыған тұсында сапалы контент пен тұрақты оқырман қалыптастыру оңай шаруа емес. Ал бұл орайда осы саланың өткінін кіріп, күлмен шығып жүрген қарусыз жауынгерлерімізге ризашылығымыз зор.

Талай қауымның талғамына та-тырлық шығармалар жазған ақын Тұманбай Молдағалиевтың «Көктем келді, дүние жыр жырлайды» деген өлең жолдары бар еді. Сол бір маржан сөз осындайда тіл ұшына орала кетеді. Себебі біз көктеммен бірге шалқар шабытпен қауыштық. Ол бізге соны серпілсіз сыйлары хақ. Оның үстіне жыл бойына жоспарымыз дайын, ішінде қаденізге жарайтын дүниелер де қамтылды. Бүгіннен бастап қазақша «Балалар жылына» орай жаңа «Баспадан» бетінің тұсауының кесілуі оған дәлел және ол шығармашылыққа қалам басам деген жастардың қанатын қатайтуға бағытталған біздің бір жана бастама. Алдағы уақытта «Оқысаныз, Балалар...» кітап оқу байқауы, «Алтын саяқ» ертегілер жазу сайысы секілді жаңа жобалардың басы-қасынан табылмақшы. Бастысы, өзіңіз секілді тұрақты оқырман басылымына күн үзбесе деген тілегіміз бар.

Құрметпен,  
Мөлдір СНАДИН

← МӘСЕЛЕ

Екінің бірінде смартфон. Бірақ оны кім қалай пайдаланады? Смартфонға үңілген балаға қадағалау бар ма? Ол бөлмесінде қандай сабаққа дайындалып жатыр, смартфоннан қандай бағдарлама пайдалануда? Уақытын қалай өткізеді?

## ТРЕНД ЕМЕС, ТӘРБИЕ МАҢЫЗДЫ

Бақсаңыз, бесіктен бөлі шықпаған балаға дейін осы телефонға тәуелді. Тіпті бесікке бөлеп жатып та әуен қосып, смартфонды қасына қалдырамыз. Кейде жыламысың деп қолына телефон ұстата саламыз. Содан болар, сондағы кейіпкерге еліктеп өсіп келе жатқан ұрпақ бар. Қара көз қыздардың сән күйіп жүргені смартфондағы жылдыздардың арқасы. Жігіттердің күн сайын жаңа стильде көрінуін де осы дүниенің байланыстыратындар кездеседі. Ең қызығы, қазір жастар тегінен бұрын танымал желі — TikTok-тағы» аккаунтының сұрайтын болған...

5  
бетте

РАҚМЕТ СІЗГЕ, ОҚЫРМАҢ!

# «МАРЖАН СӨЗ, ҚОҢЫР ИҢ»

Сөз өнері – жүректі толықтып, ақылды таразылап, ойды өрнектеп жеткізетін ұлы өнер. Сонымен қоса асыл сөздің сиқырлы сырын ашып, шығармашылықтың көркемдігін арттырып, тіл байлығын молытады. Осы арада облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-просперлік орталығының ұйымдастыруымен «Маржан сөз, қоңыр иң» атты концерт жүргізушілерінің облыстық конкурсы өтті.



Мақсат жастар шығармашылығын қолдау көрсету, аймақтағы концерт жүргізушілерінің талантын шыңдау, оларды үлкен сахнаға шығару арқылы мәдени шаралардың деңгейін көтеру. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжі, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі, Төкей батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледжі, И.Өбдіқаримов атындағы агро-техникалық колледжі мен 7 аудандан барлығы 22 талапкер бақ сынады. Олар өкі шарт бойынша өнер көрсетті. 1-шарт бойынша қатысушы кез келген еркін тақырыптағы өлеңдерді жатқа оқыды. Келесі кезекте айтулы дата мен мерекелік күндерге арналған мәдени шаралардың сценарийін дайындап, шара жүргізушісі ретінде өз қабілетін көрсетті.

Үздік шықсақ, кезге түскен жастардың қарымы көңіл қуантады. Байқау жеңімпаздары енді облыс көлемінде өткізілетін ауқымды мәдени-көпшілік шаралары жүргізбек.

# ЖӘС КЕЛСЕ, ІСКЕ!



Жастар – қоғамның қозғаушы күші. Олардың өрбір бастамасы – ел өркені үшін қалған іргетас. Сондықтан мемлекеттің бас бұйына сенім артып, қолдау білдіру заңды құбылыс. Білік пен бұқараның өзін артқан үміті мен мүмкіндігін сезінген жастардың осал болмауы да қалыптас жағдай. Біз осы көрініске «Жастар жаңашылдығыңа үндейді» атты дөңгелек үстел барысында тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Жастардың жетістігін насихаттауда мақсат еткен шара қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №20 кітапхананың ұйымдастыруымен облыстық жастар ресурстық орталығында өтті. Шара барысында сөз алған облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Мақсат Дауылбай жастардың алдындағы міндеттер мен мүмкіндіктері жайлы өңгіме қозғап, қатысушылардың білім алуға деген құлшынысын арттыруға мотивация берді. Жастардың бас қосына себеп болған №20 кітапхана да осы мақсатты үдесінен шығып, шараға келген Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің, М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледжінің, И.Өбдіқаримов атындағы Қызылорда жоғары колледжі студенттері мен Абай атындағы үштілді дарынды балаларға арналған мектеп оқушыларының еркін пікір алмасуына мүмкіндік сыйлады.

Сондай-ақ дзюдодан өткен спорт жарысының қолда жүлдегері, ҚР спорт шеберіне үміткер Маржан Ишанбек, республикалық «Үздік топ – 100 студент» жүлдегері Сандуғаш Абдуллаева замандастарымен бірге жетістікке жетудің жолы жайлы ой бөлісті. Шара соңында Қорқыт ата университетіндегі Достары ерекше факультетінің студенттері «Алғыс» өнін шығарып, қатысушылар көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.

Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

# БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ БИІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ



Қосымша білім беру ұйымында бейнелеу өнері ерекше суранысқа ие. Себебі балалар мен жасөспірімдер сурет салу, мүсіндеу арқылы шығармашылық қабілетін шыңдауға мүмкіндік алады. Оған қоса бейнелеу өнерімен шұғылданду қиялды дамытып, алғырлықты, эстетикалық талғамды дамытады.

Білім алушының шығармашылық және практикалық дағдыларын қалыптастыруда мұғалім маңызы зор. Оқушының талантын танып, шығармашылық өлеуетін бағамдай білу үшін де ізденіс пен зерт көріп қажет. Осы арада бейнелеу өнері мұғалімінен сауатты маман ғана емес, тұлғалық болмысы кемел, дарынды ұстаз болуы да талап етілуде. Бейнелеу өнері арқылы эстетикалық тәрбие берудегі жұмыстың нәтижелі болуы педагогтың шеберлігі мен ізденімпаздығы, шығармашылық жетістігі, білім деңгейімен тығыз байланысты болмақ.

Түрлі әдістемеге сүйеніп, білім алушының назарын аудару – шеберліктің бір қыры. Үйірме жетекшісі бейнелеу өнері түрлерін жетік біліп, балаға түсінікті мағлұмат жеткізгенде ғана нәтиже сәтті болары белгілі. Сонымен қатар көркемөнер туындыларының мағынасын түсіну, болу түстерін ажырату, көркемдік мәнерін сезіне білуге баулу шарт. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту қосымша білім беру педагогтерінің негізгі мақсаты десек, аталған ескертпені барлығы ерте жастан өнерге өздерінің қызығушылығын жол ашады.

**Е.СЕРМАНОВ,** қалалық білім бөлімінің қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, «ЗД бейнелеу өнері үйірмесінің жетекшісі

# «ЖҰМЫС БАР, ЖҰМЫСШЫ ЖОҚ»



Байқағанымыздай, сол жағалауда өткен маңызды шарада 500-ден аса бос жұмыс орындары ұсынылды. Оның 185-і қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерді тіркеу бөлімі тарапынан ұсынылған. Сондай-ақ 26 вакансия Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Шымкент қаласы мен Маңғыстауда жұмысқа орналау мүмкіндігі берілді. Жастар үшін тиімді бағдарламалардың бірі – «Жастар тәжірибесі» бойынша 100-ге жуық жұмыс тізімі шықты. «Жұмыс керек» деген адам керекті осы жәрмеңкеден тапты десек болады. Себебі шара күні бойы жалғасты. Өр мекеме өз тарапынан қажетті мамандарға сұраныс берді, жұмыс іздеп келгендерге қойылатын талапты түсіндіріп, негізгі жұктелеріне тоқталды. Жас мөлшеріне шектеу қойылмады.

– Өңірдегі, жалпы республикадағы көптеген ірі компаниялар, мекемелер жұмыс орындарын ұсынды. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша арнайы сала өкілдері кеңес берді. «Мүмкіндіктер алаңы» жұмыссыз жастармен күресуде таптырмаз дүние. Енді мұндай шараны айына бір рет ұйымдастырамыз. Таңғы сағат 10-нан кешкі 5-ке дейін өткізу жоспарланған. Бір сағат көлемінде 100-ден аса жас келді. Тікелей жұмыс берушілермен келіссөз жүргізді. Түйіндемесі жоқ жастарға бір бұрыш ашып, жағдай жасадық.

Оқуын жаңа

тәмамдаған, бірақ жұмыс таба алмай жүрген жастар да қамтылды. Кәсіпкер болғысы келетін, бизнеске белсенділігін арттырғысы келетіндер көп екен. Олар да керекті мағлұмат алды, – дейді облыстық жастар

Себебі бүгінгі басты мәселе – жастардың жұмысыздығы. Оны жүйелеу керек. Жастарға қандай мамандық қызық екенін де зерттеген жөн. Оларға мемлекет ұсынған мүмкіндіктерді тарқатып түсіндіру, насихат жұмысын қарқынды ісі де маңызды, – деді Геннадий Шиповских. Шара қорытындысында депутат және облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира

**Жұмыссыз жас көп. Облыстық жастар ресурстық орталығы мұрындық болған «Мүмкіндіктер алаңы» бастамасы осы мәселенің түйінін тарқатпақ. Қажет бастама аясында өткен бос жұмыс орындары жәрмеңкесі соған дәлел.**

Қазбекова «Мүмкіндіктер алаңына» алғаш болып келген 5 жасқа арнайы сыйлықтарды табыстады. Шарада жұмыс бар, бірақ техникалық мамандыққа қызықпайтын, сол саланы сүйреуге ниеті жоқ жастардың көптігі қызықты. Жұқ көлік жүргізушісі, күзетші, тазалықшы, тас қалаушы, дәнекерлеуші, сылақшы, элекрик, сантехник секілді маман болуға асығатындар аз. Құрылыс саласы жайлы өңгіме бөлек. 27 жылдан бері осы салада тер төгіп келе жатқан жерлесіміз Қанат Молдахалықов та құрылыста жастардың бой көрсете бермейтінін айтты. Қазір жұмыс жаңа технологиялардың арқасында біраз жеңілдеді. Жеке серіктестік ашу жайын сұрастырдым. Жәрмеңке арқылы керек мәлімет алдым, – дейді Банытжан Әбдірахим.

ресурстық орталығының директоры Асқар Құрмаш.

«Жәрмеңкенің негізгі мақсаты – жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету және кәсіпкерлікті дамыту, сұраныстағы қажеттіліктерді қамтамасыз ету және ол өз мақсатына жетті» деген пікір білдірді келушілер. – И.Өбдіқаримов атындағы жоғары колледжінің 4-курс студентімін. Алдағы уақытта жұмыс істеуге осы бастан талпынып келемін. Қай сала тиімді, қай бағытты ұстансам болады деп ойланым жүрмін. Осы жерге де сол мақсатпен келдім. Бірқатар жұмыс орнын көріп, сауалдарымды қойдым. Өзім кәсіп ашуды, кәсіпкер болуды армандаймын. Жеке серіктестік ашу жайын сұрастырдым. Жәрмеңке арқылы керек мәлімет алдым, – дейді Банытжан Әбдірахим.

Бастаманың басы-қасынан Парламент Мәжілісінің депутаты Геннадий Шиповских табылды. Депутат Сыр жастарымен күздесіп, олардың пікірін тыңдады. – Біз барлық аймақты араладық. Сыр өңіріне де ат басын бұрдық. Осы шараны естіген кезде қатысу керек деп шештім.

# ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕР - ТАРИХ КҮӘСІ

Мөлдір САБЫРЖАН



Жер бетінде тіршілік атаулы қалыптасқаннан бастап қазіргі уақытқа дейін қанша уақыт өткенін бағамдау кез келген саналы адамды қызыққа жетелері белгілі. Ой өлегіне салып қараса, бір тұжырымға келу де қиынның қиыны. Осыныша жыл құпия болған сыр тұңғышқ теңіз түбіндегі дүние секілді көрінеді. Себебі адамзат тарихты толық танып үлгерген жоқ.

Мысалы, Қармақшы өңіріндегі ескерткіштерге ең алғаш 1946-1997 жылдар аралығында, яғни Кеңес үкіметі кезеңінде Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы зерттеу жүргізген. Оның барысында табылған керамикалық материалдарды зерттеумен Л.М.Левина айналысы берлігі. Тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық тарихымызда айқындалу барысында 1998 жылдардан бастап Өлкей Марғұлан атындағы археология институтының бас ғылыми қызметкері Ж.Құрманқұлов та

барлау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде аудан аумағындағы көптеген ескерткіштің ізін тауып, орын анықтап, топографиялық карта жасады. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Ж.Құрманқұловтың ұсынысы қолдау тауып, аудан аумағындағы тарихи ескерткіштерге толыққанды қазба жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік туған болатын. 2017 жылы отряд басшысы Ө.Марғұлан атындағы археология институты ерте темір дәуірі бөлімінің жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты Р.Утубаев және басқада экспедиция

мүшелері Қармақшы ауданындағы Бәбіш мола қалашығының маңынан бірнеше үлкен көлемді құмыра және оны күйдіретін пештерді тапқан болатын. Міне, кезекті маусымдық қазба жұмысының барысында сол тарихи құндылық маңызды орындардың дәлелі бола алатын жәдігерлер жергілікті аудандық тарихи-өлкетану музейінің қорына өткізіліп, музей экспозициясы есебінде көрмеге қойылды. Табылған үлкен көлемді құмыраға керамика ісінің мамандары Р.Ф.ның «Государственный музей искусства народов Востока» музейінің аға ғылыми қызметкері С.Болелов және Ө.Марғұлан атындағы археология

институтының ғылыми қызметкері, әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің докторанты М.Сүйіндіқожаевтар тапқан сипаттама беріп, тұжырымдама жасады. Ғылыми сипаттама бойынша бұл топтағы ыдыстар шарық көмегімен жасалған. Сазаға иіс және шамоқ араластырылған. Сапалы күйдірілген. Түсі қызыл, ашық қоңыр. Пішінінде қарай екі түрі бар. Қазір олар музей экспозициясында. Мұзегіге келушілердің назарына ұсынылып, тарихи құнды жәдігер ретінде насихатталауда.

**Ө.БАҚТЫБАЕВ,** Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музей филиалының ғылыми қызметкері

# КӨКТЕМ КЕЛДІ, САҒЫН...



Жер бетін жасыл желекке бөлеп, күн мен түнді теңестіретін, көзге ғана емес, көңілге де жылу әкелетін көктем мезгілі – көптің сүйікті маусымы.

Аялы Ерлан Жүнісше айтсақ, «Көктем де махаббат сияқты, сенетіндерге келеді». Жаңа жайлы мезгілдің алғашқы айы атаулы күндерімен, айтулы мерекелерімен де ерекше маңызға ие. Соның бірі 8-наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі.

«Өлемдегі ең сұлу – қазақ әйелі: менің жарым, менің анам, менің қызым. Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес сымбатты, мінезді, ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көркі» – дейді Мұхтар Мағауин. Қазақ әйелінің, аяның орны отбасы – ошақ қасымен емес, ерінің беделі, ағайынның татулығы, сабидің бақытты балалық шағымен, айналып келгенде, бүгін ауылдың бірлігімен өлшенетінін бағамдаса керек. Қал елде әйел бақытты болса, сол елдің қоғамы да алға жылжиды.

Ал аяның қасиетін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Данышпан мен дананы дүниеге әкеліп, балаларын дәретсіз емізбеген қазақ аянасы – тазалық пен асақ рухтың, нәзіктік пен парасатты болмыстың көрінісі. Пайғамбарымыздың хадистерінде де алдымен аяны құрметтеу керек жиі айтылады. Мәселен, «Әуелі анаңа, тағы да анаңа, содан соң әкеңе жақсылық жаса» делінген. Енді бір хадисте «Егер әкең мен анаң бір мезгілде ұн қатып қалса, әуелі анаңа жауап бер» дейді. Мұның бәрі тіршілік атаулының тынысы, тамыр жайған адамзат баласының бастауы – анаға деген құрметтің алабетен боларын дәлелдейді. Ендеше, аналар мен арулардың мерекесіне жүректен шыққан жылы лебіздер легін ұсынамыз. Бұл тілекті бар перзентің нәзік жаңдырларға арнаған алғаусыз алғысы, ақ адал ниеті деп түсінген жөн.

**Әлі КЕҢЕСҰЛЫ, «Sara Ka» жеңіл өнеркәсіп орталығының директоры:**

– 8 – наурыз қыз баласы үшін, әйел заты үшін ерекше мереке. Ер азамат ретінде бұл мерекені бізге де орны бөлек. Себебі осы күні ана, апа, қарындас, ұстаздың қадірін сезіне түсіп, айналамыз жақсы тілектер мен махаббатқа толады. Осы орайда мен өз анамды құттықтағым келеді.

Бар жақсысын беріп, ыстық алақаныммен мәпелеген, анашым, сізді осы мерекемен құттықтаймын! Жабыққанда сағынышымыз, тарыққанда ақылшымыз бола біздің асылым, әрдайым денсаулығыңыз мықты болсын! Құдай сіз бен әкеме, отбасымызға бірге өмір сүретін тек бақытты күндерді жазсын!

Қазақта «Аяның сүйген жері отқа күймейді, оған оқ та тимейді» деген қанатты сөз бар. Ана махаббатын сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Жер бетіндегі барлық жақсы сөз тек анаға ғана тиесілі. Үйдің берекесі де, қыз баланың өнегесі де өзінсі. Тұн ұйқысын төрт бөліп, балам аш, киімі жыртық болмасын, көңіліне қаяу түспесін деп алаңдаумен жүретін аяулы аням менің! «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайтын» алға тартып, қартаймаңыз, мен де қартаймайын деп тілеймін. Өмір сыйлағаныңыз үшін рақмет!

**Нүрилла МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ, № 25 мектептің 11-сынып оқушысы:**

– Менің жаныма жақын жанашырым, ақылшым, аяулы әжетайым! Сізді 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Немерелеріңіз үшін жанымызда жүрген ер күн – атаулы мереке. Екі ғасырдың да сан қилы қызығы мен қиындығын көріп, еңбек етуден

жалықпаған, ешкімге қол жаймаған, «қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме» деген ұлы Абайдың сөзін алға тартқан өмір жолыңыз – үлкен өнеге.

Әже, сізге дүниенің бар жақсылығын, мағыналы ғұмырды, бірге өткізетін бақыты сәттерді тілеймін. Әр баланыздың, немерелеріңіздің көз қуанышы болып, махаббатқа бөленіп жүре беріңіз. Сыр бөлісер досымыз да, еркелейтін ең жақын адамымыз да, ақылға бай «академиямыз» да өзіңіз, әже. Мейірім мен махаббаттан жаралған жүрегіңізден, тұлбабоймызды жылытқан ыстық алақаныңыздан, «айналайын» деп еміренген аяулы үніңізден артық ештеңе жоқ.

Әже, өзіңіз «дүние тозбайды, адамның жаны тозады» деуші едіңіз. Жаңыңыз тозбасын! Біз сізді барлық жерде, үнемі жақсы көреміз. Көңіліңізден көктем кетпесін!

**Нұрымжан САЛАЙДЫН, «Қайсар» футбол клубының қақпашысы:**

– Көктем мезгілінің көрнекті мерекесі – 8 наурыз халықаралық әйелдер күнімен барша қыз-келіншектерді шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге баянды бақ, берекелі ғұмыр, отбасыларыңызға шаттық пен қуаныш тілеймін!

Біздің шаңырағымыздағы қыз баласына деген құрметі ерекше. Себебі жыл сайын отбасымызда анамызды құттықтап, көктемнің жылы лебі келгенін сезінеміз. Сондықтан биылғы құттықтауымыз да анама арнағанды күл көріп отырмын.

Аяулы анашым! Ашық-жарқын көңіліңіз, үйдің жылу мен жайлылық, өтеміне ештеңе талап етпейтін балаларыңызға деген шексіз махаббатыңыз үшін мың рақмет! Мені жаңа шыңдарды бағындыруға шабыттандыратын да, бір ауыз сөзіңізбен мейірімге бөлейтін де өзіңіз! Жылдың әрбір күні сіз үшін қуанышқа, бақытқа және жағымды тосынсыларға толы болсын деп тілеймін. Мерекеніз құтты болсын, анашым! Сізді бәріміз жақсы көреміз, жер бетіндегі жақынымы!

**Сәния ЖАҚЫП, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті журналистика факультетінің студенті:**

– Мерейлі мерекеде сүюге лайықты, көңілде көктем орнаған, сұлулықтың символы – барлық қыз баласын, жүрген жерінде жұмақтың ізі қалған, бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербететін ана атаулыны құттықтағым келеді. Мен үшін осы жылғы мерекенің ерекшелігі – алғаш рет қызыммен бірге қарсы алуымда.

Алғашқы мейрамың құтты болсын, қызым! Көңілімнің көктемі, өмірімнің қызғалдағы

болғаның үшін бақыттымын. Дүниенің дидарын көрген сәтінмен менің кеудемдегі жұмыр ет сен үшін тілектес болған. Әрі қарайда солай болмақ. Тәтті қылықтарыңмен жанымды баурап, жүрегімді құрға толтырған, гүлім, осы өмірің менің ұстаым, әр сәттің мағынасын молайт-қаншын үшін шүкіршілік. Берекелі балалық шақ пен мағыналы ғұмыр тілеймін.

Менің күллі армандарым сенің бір жаялығыңа татымайтын даусызы. Адам болғаныңды, адал болғаныңды жанымымен қалаймын. Екеуіміздің сана биігінде бірге сырласатын күнді

келіндерімді, барша әйел қауымын, халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Әлемді, айналаны сұлулыққа бөлеп, өмірімізге мән сыйлап жүре

тілек, жылы лебіз қаншама?! Бабадан қалған «Ана бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген қанатты сөздің астарында қандай мағына, терендік жатыр десеніңізші... Демек анаға арналған жырымыз, әніміз, тілегіміз ешқашан таусылмауға тиісті,



беріңіздер! Сіздер барда жанымызда үнемі көктем мезгілі орнайды. Сүюге лайықты кіршіксіз сезімдеріңіз, ақ қардай адалдықтарыңызға дақ түспесін!

**Әнел АЛТАЕВА, филолог:**

– Айналаны сұлулыққа бөлеген, көп күткен көктем келді. Ал мен үшін Көктем – сенсің, Ана! Сен осы құлпырған мезгілдей жылысың, сондай жайлысың. Сенің жан дүниеге үңілген адамның бәрі одан әрі бойлай бергісі келеді, себебі ол тым төрен.

Сенің үйіңе келген адамның ол жерден ешқашан кеткісі келмейді. Онда талғам бар, үйлесімділік бар, жарық бар. Сен істеген әрбір істе әйел қолының іздері байқалып тұрады, көркем шығармашылықтың иісі шығады. Сол үшін де мен саған ана ретінде ғана емес, алдымен Әйел ретінде тамсанамын. Тірі жанға тіліңмен де, қолыңмен де жамандық жасай алмайтын болмысыңды мендегі ізгіліктің бастауы деп білемін. Жер бетіндегі ешбір зұлымдық, ешбір қатігездік, күйбең тіршілік сендегі жақсылыққа титтей де көлеңке түсіре алмаған. Мен де өзіңнен үлгі алып, әйелдік болмысымды таза да нәзік, төрен де сырлы қалпында сақтауға тырысып келемін. Осы сөздерді мерекеде ғана емес, күн сайын жалықпай айтуға дайынмын.

Көктемнің ең сұлу мерекесімен, халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын, аяулы Ана! Жаныңның көктем-бағы құлпыра түссін!

**Ердеулет КӘКІМЖАНОВ, облыстық дін істері басқармасының маманы:**

– Анаға арналған әдемі ән, жүректі жарып шыққан жыр, ізгі

таусылмайтын да анық. Мен үшін аналар мерекесі 8-наурызбен шектелмейді. Себебі ата-анамыз аман, жанымызда шаттықтан шалқып жүрген әрбір күн – атаулы мейрам.

Жан анашым, сіздің мейібан жүзіндегі көктемнің алғашқы мерекесін бірі, сұлулық мейрамы 8-наурыз халықаралық әйелдер күні құтты болсын! Жаныңызға тыныштық, көңіліңізге көктем, өміріңізге ең әдемі кездесулерді, ерекше сәттерді тілеймін.

Бесік жырың ғұмырымды күй қылған, Есіл нұрдың ойыма ақыл кұйдырған. Асыл ана, құтты болсын мерекені. Құшағына күллі әлемді сыйдырған!

**Сағатбек ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ, «Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:**

– Әйел заты үшін ең сүйікті мерекем қарындасымды құттықтағым келеді. Өмірде тағдыр таланыма қарай қандай қиындық келсе де, сөзбен, іспен қолдау көрсетіп, жеке көмекшім де, рухани тірегім де болған – сенсің. Өйткені біраз уақыт бұрын жол келік алағына түскен кезде өзге адамның көмегіне зру болып қалған едім. Осындай қысқалған кезде бауыр етім, жан қарындасым Ләззаттың жанымнан табылды. Сондықтан сенің орның мен үшін бәрінен биік. Бауыр ретінде бар мейірімдің сезініп, бір-бірімізге деген махаббатымызды үнемі міндетіп, қай істе де қолдаудан тандай жүре берейік.

Осы мүмкіндігі пайдаланып, қарлығашыма жақсылық мен денсаулық тілеймін. Елдің қылысына бөленіп, үйіміздің мерекесі, ең жақп көңіл-күйі бол жүре бергейің. Жаның жабырқамасын. Жүрегің кірлемесін, біздің үйдің көктем!

Шын мәнінде, бүкіл әлем – әйелмен көрікті. Сондықтан әйел затын, таландыра жұмақ жасырылған аналарды, әлпәке қарындасстарды, қазактың барша қыз-келіншегін мерекемен құттықтаймын! Өмірімізді мерекеге айналдырып жүре беріңіздер!



Сәкен МАЙҒАЗИЕВ,  
ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері:

# «ӨНЕРДЕН ХАВАРЫ ЖОҚ АДАМДАР ДА ҮЙІРМЕ АШУҒА ҮЙІР»



Қызылордалықтардың қонақжай екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Бауырмалдығы өз алдына, бір-біріне деген жанашырлығы, қолдауы ерекше. Бұған дәлел «Қазақстан дауысы» жобасының жеңімпазы Құралай Мейрамбекке деген жерлестердің қолдауы, қошеметі мен риясыз құрметі. Мұны әнші Сәкен Майғазиев те Сыр өңіріне келген сапарында айтты. Біз орайлы сәтте өншінің алдағы жоспары, Smart мектебі, жеке көштері, сондай-ақ «Қазақстан дауысы» жобасы жайлы да сұраған едік.

Талантты жұлдыздың бірнеше қалада Smart өнер мектебі бар. Сыр өңірінде де. Ата-аналар қызығушылық танытып, мектепке сенім білдіріп балаларын табыстаған. Нәтижесі де жаман емес секілді. Инстаграм парақшасына көз жүгіртсек, алғашқы алыстан көз алмайсыз. — Smart өнер мектебі пайда табу көзі емес. Мен бұрын көпқабатты ғимараттардың бірінде тұрдым, тұрғын үй кешенінің төменгі жағында бір топ бала арлы-берлі өтетін. Құлғаны сыраға тағып, шашын түртіп түске бояп алған. Жерге отыра салды, шұлдәріп не сөйлегенін адам түсінбейді. Сопады көріп, жүрегің ауырды. Қазақ деген атымыз, қазақшылығымыз қайда деген ойда қалдым. Содан қазақ өнер мектебін ашу

қажет деген идея келді. Сөйтіп Алматыда бастамады жүзеге асырып, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрді бойына сіңіретін оқушы тәрбиелеуді мақсат етіп қойдық. Олар өзге тілде өз шырқай берсін, бірақ біз олардың бойына қазақшылықты сіңіріміз қажет, — дейді өнші. Патриот, патриотизм деген бар. Мысалы, қанша тілде сөйлей білсең де, қанша тілде өз шырқасаң да, өз еліңе, туған жеріңе деген махаббат, сүйіспеншілік жоғалмайды. Құралай Мейрамбек қолына қобыз алып шырағанда кімді болса да елітпей қоймайды. Өншімен өрбіген тағы бір тақырып осы. — Құралай қобызда шырағанда өзгелердің тұла бойы тігіреніп кетеді. Себеб адамның бойында қазаққа деген махаббаты жатыр. Қанша жерден орыс тілінде сөйлесін,

ағылшын курсына барсын, жатқа еліктесін. Десе де жүрегің түбінде елге деген сүйіспеншілікті байқау қиын емес. Шетелде тәрбиеленген баланың өзі қобыздың дауысын естисе жалт бұрылады. Сол сияқты Құралай мектебі өңшілер Smart өнер мектебінде тәрбиеленіп келеді. Сарағашта ем қабылдап жатқандамыз халықтың өтініші бойынша концерт бердім. Сол кезде Шымкент қаласындағы өнер мектебінде Фариза есімді бүлдіршінді алдырттым. Ол да дарын иесі, дауысы керемет. Біздің мектептерден алдағы уақытта елдің жүрегіне жаулаған осы секілді шәһер шығатынына көміл сенемін, — дейді Сәкен Майғазиев. Бүгінде не көп аңылар, ақысыз үйірме көп. Ата-аналар да көбіне тегін дүниеге құмар. Бірақ атүсті қарайтын, мемлекеттен бөлінетін ақшаны алсам болды деген ұстанымда болатындарға тап болмаса ігі. Өнші

«арзанның сорпасы татымайтын» кеш түсініп қалмаса болғаны» деген ой айтады. — Мектеп ашу, болмаса басқа да дүниелермен айналысу оңай емес. Оның да өз кемшілігі, қиындығы бар. Мәселен, ата-ананың көңілінен шығып, баласын ойындағыдай үлкен сахнаға дайындап шығару жеңіл дүние емес. Бүгінде субсидия мәселесі өзекті. Өкініштісі, мен Алматыдағы өнер мектебінде мықты балалардан «айырылып» қалдым. Олар бұрын ақшасын төлеп оқитын. «Арзанның» деген татымаса дейді той. Тегін дүниеде құл болмайды, соны түсіндім. Мемлекет тарапынан балаларға мүмкіндік жасалып жатыр. Тегін үйірмелерге қатысып, спортта шыңдалуға болады. Оған қарсылығым жоқ. Айтатын дегенім, кейбір ата-аналар тегін үйірме тұрғанда ақылы өнер мектебіне неге ақша шығындауым керек деген

түсінікте, өзгелерге де солай етуге кенес береді. Өнерге үш қайнаса сорпасы татымайтындар өнер мектебін ашып жатқаны өз алдына бөлек әңгіме, — дейді ол. Өнші «Қазақстан дауысы» жобасы мен шығармашылықтағы жаңалықтарымен бөлісті. — «Қазақстан дауысы» — жобасы жоғары рейтинг көрсеткен шоу бағдарлама. Жоғарыда тоқталып өткенімдей Құралай Мейрамбекқызы нағыз талант иесі. Себебі жобаға алғаш келгеннен өзін жан-жақты көрсете білді. Орындаушылық шеберлігі арқылы көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Алдағы уақытта шығармашылығын дамыту мақсатында жаңа өңдер жарық көреді. Елдімдік деңгейдегі байқауларға қатысу да жоспарымызда бар. Биік белестерден көріну жолында бірінгі еңбек ететін боламыз, — деді Сәкен Майғазиев.

Мәлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА



Нұрғазар НӘЖМЕДИНҰЛЫ,  
Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы:

— Нұрғазар, әңгімеімізді әулеттің қысқаша тарихынан бастасан. Өзгелер Өйтеке бидің ұрпағы екеніңізді біліп, қызығушылық танытқанда сізде мақтаншы сезімі бола ма?  
— Әрине, Өйтеке бидің өмірін насихаттау, мақтан ету ұрпағы болған соң бізге парыз. Өйтеке би — Өз-Тәукеңің заманында «Жеті жарғының» басты баптарының авторы ретінде танылған, Қарақұм, Ордабасы құрлытайының ұйымдастырылуына субелі ұлес қосқан тұлға. Осындай Атты Алашқа аты мәлім бабамыздың ұрпағы екенімді мақтан ету заңдылығын деп есептеймін. Тарихқа қысқаша тоқталсам, кіші жүз Әлімдідей төртқара руынан Оразкелді, Ораз, Жаншүгір, Қараш тарайды. Ораздан Сейтқұл, Тоқпан, Шобан өрбеді. Мен Шобаннан, Өйтеке би Сейтқұл бабамыздан тараған, Өйтеке биден санағанда он бірінші ұрпағы, ал Сейтқұл атамыздан бастап санағанда он үшінші ұрпағымын. Өйтеке биден тікелей Жалаң, Байбек деген ру тараған.  
— Бабаңыз жайлы кеңірек ізденіп, жиі зерттеу жүргізетін боларсыз?  
— Бала күннен өкемің баулуымен осы тақырыпқа

қызығушылығым оянды. Өкем Нәжмедін Мұсабаев та тарихқа ерекше қызығатын адам. Ол кісі бірнеше рет Нұрата қаласында болған. Оның үстіне Өйтеке бидің ұрпағы екенімді естіген сәттен бастап әдебиетпен сусындап өсіп, дүниетанымымды осы тақырыппен кеңейтуді жөн санадым. Бабамыз жайлы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Мұқадеес Еспамағалиұлы ағамыздың «Өйтеке би» атты екітомдық тарихи романы жарық көрген. Осы кітаптағы мәліметтерге сүйене отырып, бір жыл бұрын «Өйтеке бабамыздың билер институтындағы ролі және Өйтеке би туралы ақиқат» деген жоба бастап, зерттеу жүргіздім. Өткен жылы «Дарын» республикалық орталығының «Ең үздік ғылыми жоба» номинациясын иелендім. Ал биыл Нұр-Сұлтан қаласындағы «Білім өркені» қоғамының ұйымдастыруымен өткен «Жылдың ең үздік 100 ғылыми жобасы» атты байқауында жобам жеңімпаз атанып, жинаққа ендім.  
— Зерттеу барысында көпшілікке беймәлім болған тың дүниелер болса оқырмандармен бөліссеніз...  
— Тәуелсіздік жылдарына дейін Өйтеке бабамыздың жерленген орны, дүниеге келген және қайтыс болған уақыты

# ӘДІЛДІК ҚАНЫМДА БАР

Өйтеке бидің ұрпағы қаладағы Назарбаев зияткерлік мектебінде білім алады деген хабарды естіген бойда тілдесуге асықтық. Тарихқа деген қызығушылығы, шешендік өнерге деген жақындығы Нұрғазардың «Өйтеке бидің ұрпағы» деген атқа сай болуына ықпал еткені көрініп тұр. Қазақшылыққа жаны жақын зияткермен тарихи зерттеу жобасы жайында әңгіме өрбіттік.

белгісіз болатын. Қазақта «Тобықты Өнет бидің баталы бол, Кіші жүз Өйтекедей аталы бол» деп бекер айтылмаса керек. «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» дегендей, Өйтеке бидің бабалары да Алашқа аты мәлім тұлғалар болған. Айта кететін болсақ, Өйтеке бидің бесінші атасы Ораз қажы жарты өлемді жаулаған Әмір Темірдің кеңесшісі, батағайы болған. Әмір Темір Ораз қажының батасын алмай жорыққа шықпаған. Өйтеке бидің атасы Сейтқұл пауыз тілінен ауадағы «Синесоп Буа», яғни «кундадан пақ» деген атпен танылып, көзі тірісінде өз қаржысымен Меккеге үш рет барған. Сейтқұлдың байлығы жөнінде «Нұратаның әр шұңқырында Сейтқұлдың мың жылқысы бар» деген теңеу қалыптасқан. Өйтеке бидің немере ағасы саналатын Жалаңтөз Сейтқұлұлы — жарты әлемді жаулаған Әмір Темірдің шағында Орта Азия үшін күресте атысқан батыр болған баһадүр. Жалғыз Жалаңтөз қазаққа жалғызсырағанда жақтас, осырағанда одақтас болған адам. Орбұлақ шайқасында жонғардың өлеуі мың қолын Салқам Жәңгір алты жүз қолмен үш күн баса тұрған кезде соннау Самарқандан жиырма мың қолмен бастап келіп шешуші сәтте қазаққа жәрдем берген тұлғаны бірі. Осындай жеті атасынан бөрі бойына батырлық пен тектілік, шешендік пен дауыстық берген Өйтеке бидің ақиқаттың алдасына айналған би болуы заңдылық.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қазақтың үш быіне ерекше көңіл бөліне бастағанын айттық. Бұл тақырыпта қазақ әдебиетінің классигі Әбіш Кекілбай Өйтеке би жайлы «Егемен Қазақстан» газетіне көлемді мақаласын жариялаған. Осы мақаланың тұжырымына сәйкес, Өйтеке бидің қабірін Өзбекстан республикасы, Нұрата ауданындағы Тоқпан, Сейтқұл

әулие жерленген қорымнан іздеген дұрыс деп көрсетіп, оған байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізуге ұсыныс жасаған. Осыдан соң 2007 жылы академик Карл Байпақов бастаған бірнеше археолог бастаған топ сол уақыттағы Нұрата бидің атысқан әкімі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің жекелей қаржыландыруымен Нұрата қаласына барған. Өйтеке би бабамыздың бас сүйегін қазып алып, Герасимов атындағы зертханада талдау жүргізеді. Нәтижесінде Өйтеке бидің 1644 жылы дүниеге келіп, 1700 жылы 56 жасында қайтыс болғаны анықталған. Осы бас сүйегі негізінде анықталған бидің нағыз бет-бейнесіне сай суреті салынып, «Ана тілі» газетіне жарияланды. Суретке негізделіп, алғаш рет сол кездегі аудан әкімі Нәжмедін Мұсабаевтың басшылығымен Арал қаласында ескерткіш қойылды. Жобамызда да ерекшелігі осы мәлімет болды. Осы уақыттан бері Нұрата Өйтеке бабамыз сол кездегі қазақ дәстүріне сәйкес Төле би, Қазыбек биден кейін сөйлегендіктен ол кісінің жасы кіші деген түсінік қалыптасқан. Осылай тарихта жансақ ақпарат айтылып та, жазылып та келді. Бірақ ғылыми зерттеулер нәтижесінде Өйтеке бидің Төле, Қазыбек билерден жасы үлкен болғаны анықталды. Осы оқиғадан кейін 309 жылдан соң 2009 жылы Нұратадағы Өйтеке би бабамыздың басан шырқап жанды, қазақ қасиеткерлерінің қолдауымен Сейтқұл әулие — Өйтеке би кешені бой көтерді. Өйтеке бидің жатқан жерінің нақтылануы қазақ тарихында үлкен сенсация болған еді. Бірақ Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында дәлелденген мәлімет өлі күнге дейін насихатталған жоқ, мысалы қазір кәсіп келген мектеп баласынан сұрасаңыз, Өйтеке би кіші жүз болғандықтан қалған билерден жасы кіші деп

жауап береді. Жалпы ғылыми жобамда көтерген мәселем осы. Сондықтан «Қазақстан тарихы» оқулықтарындағы Өйтеке бидің туған және дүниеден өткен жылына өзгеріс енгізіп, тарихи шындықты қалпына келтіретін уақыт жетті деп есептеймін. Тағы бір тың ақпаратқа сүйенсек, осы кезге дейін Өйтеке би бабамыздың шын есімі жайлы да түрлі пікір айтылып келді. Кей әдебиеттерде Өйтеке бидің есімі Қаракісі би, Айтық би, Қара жігіт би деп жазылып жүрді. Бұл ақпараттардың бәрі жалған. Жоғарыда айтты өткенімдей, Өйтеке бидің бабалары қазақ хандарымен терезесі тең өмір сүрген адамдар болған. Сол кезде Есім хан өзінің немересі Өз-Тәукеңіз атын Тәутеке деп қойса, соған ұқсастырып Жалаңтөз баһадүр өзінің немересінің атын Айтеке қойған. Бұл Мұқадеес Еспамағалиұлы ағамыздың еңбегінде дәлелденген. Осы романға сүйеніп, өз жобамды құрап шықтық.  
— Бала күннен тарих пен шешендік өнерге жан-жақ екеніңізді айттыңыз. Мамандығыңызды да осы саламен байланыстырасыз ба?  
— Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихына ерекше қызығамын. Ал болашақта экономика саласы бойынша кәсіп етім келеді. Өзім домбыра, гитара аспаптарында жақсы ойнаймын. Анам Айна Тұяқова — Арал қаласына белгілі термеші, мәдениет үйінің директоры, сондықтан жыр термеге де жақындағым бар. Мектепте ұлттық аспаптар оркестрінің мүшесімін. Өкеміңіз баулуымен ер жігітке тән атқа міну, саятшылық, балық аулау, аңшылық қасиеттерді де үйреніп, қазақшылықты бойыма сіңіріп келемін.  
— Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен:  
Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Бұл бағытта атқарылар жұмыстың ең маңыздысы – егіс аяқбағын азайту, егілетін дақылдарды әртараптандыру. Аймақтағы құзыретті мекемелер көшенді жұмыс жоспарын әзірлеп, дайындықты бастап кеткен. Алайда су мөлшері қойылған межени орындауда кедергі келтіруі ықтимал. Тіпті құрғақшылық салдары өткен жылғыдан асып түсуі мүмкін деген де дерек бар. Мәселен, жыл басында өңтүстік өңірлерге жасаған ресми сапарында ҚР экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов та мұндай болжамды жоққа шығармағанын білеміз:

«Былыр облыстың су шаруашылығындағы жағдайы қиын болды. Қазгидрометтің болжамы бойынша биылғы жағдай да көңіл көншітпейді. Өткен жылдан да қиын болуы мүмкін деген болжам бар. Атап өтсек, 2021 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда таулы жерлерге судың келуі 40-50 процентке дейін кем есептеліп отыр. Сырдарияға құятын судың 90 проценті Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан арқылы келеді. Қазіргі таңда «Тоқтағұл» су қоймасында 8,9 млрд текше метр су бар. Ол өткен жылмен салыстырғанда 1,5 млрд текше метрге келді», – деген С. Қожаниязов.

«Тоқтағұл» су қоймасындағы су мөлшерінің азаюы қар көлемінің жылдағы межеден кем болуымен байланысты екен. Мамандар егер жағдай осы сарында жалғасса, су Қексарайға жіберілмей, тікелей Қызылордаға бағытталып дегенді айтады. Сондықтан болар, облыстағы күрші егу көлемін қысқарту қажеттілігі күн тәртібінен түспей келеді. Бұл құрғақшылықтан бөлек, Арал теңізіне аяқтан тигізбеудің төте жолы болмақ.

Қазақстандағы өзге су қоймаларының да жағдайы мез емес. Мысалы, 1 сәуірге дейін «Шардар» су қоймасына вегетацияаралық кезеңде 10,3 млрд текше метр су келеді деп болжалан болатын. Алайда бүгінгі көрсеткіш ол межеден әлдеқайда төмен. Аймақтағы егістік жерлер, Арал маңындағы көлдер жүйесі «Шардарға» тәуелді екенін ескерсек, зардабы қиына соқпақ. Оған Жанақорған ауданындағы «Келінтөбе» және Шелінің Қамысты каналдарындағы мәселені қоссаңыз.

«Арал-Сырдария» бассейні инспекциясының басшысы Сейіпбек Нұрымбетов БАҚ өкілдеріне берген мәліметінде

аталған мәселені кеңінен тарақтқан:

«Суға қатысты жаңа болжам 10 наурызда шығады. Негізі біздегі «Шардар» су қоймасының жобалық сыйымдылығы – 5,2 млрд

дақылдарды қысқарту, күрші алқаптарын азайту жүзеге асады. Сондай-ақ аймақтағы дақыл етуге арналмаған жерлерде күрші етуге тиым салу ісі қолға алынады. Жалпы елдегі су

өкелуде. Себебі өткен жылға дейін облыста 90 мыңға жуық жерге күрші егіліп келген болатын. Ал 2020 жылы 5,1 мың гектар күрші алқабы су тапшылығына байланысты қысқарған еді. Демек, екі жылда

аталған дақыл егілетін жер көлемі 9 мың гектарға кемімді деген сөз. Алдағы уақытта бұл көрсеткіш те ұлғайтын секілді. Дегенмен мұндай жағдай күрші ету күрт төмендейді дегенді де білдірмейді. Барлық кадам гальмдармен ақылдасып, экологиялық зардапты да ескере жасалған. Күрші су мөлшеріне тікелей әсер еткенімен, одан бірден бас тарту мүмкін емес. Ол – экономикалық зардап емес, экологиялық қажеттілік. Себебі егіс алқаптарындағы күрші көлемінің күрт төмендеуі экологиялық зардап әкелуі мүмкін. Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің орынбасары Серік Қожаниязов та мұндай болжамның ғылыми негізі барын айтып, бұған дейін де БАҚ-та мәлімдеме жасаған еді:

«Арал өңірінің ерекше топырақ-климаттық жағдайларында күршінің мелiorативтік-экологиялық және экономикалық маңызы зор. Егер аймақта күрші көлемі күрт төмендетілсе, инженерлік тәсілдермен жерлердің екінің тұздануына әкелетін соғатыны белгілі. Бұл ғылыми дәлелденген. Сондықтан ауыспалы егіс тәртібін қатаң сақтап, Қызылорда облысы әкімдігі күрші дақыл көлемін кезек-кезеңімен 75-80 мың гектарға тұрақтандыратын болады. Яғни, өткен жылы күршінің егіс көлемін 84,4 мың гектарға дейін (5,1 мың гектарға азайтылады) төмендету болжамдалды», – дейді Серік Қожаниязов.

Вице-министрдің сөзінше, Қызылорда облысындағы егіс алқаптарында топырақтың 35 проценті – қатты, қалған 65 проценті – орташа тұзданған. Күршітегі судың басым бөлігі егін суаруға емес, топырақ тұзын шаюға кеткен. Сондықтан сала мамандары күрші көлемін қысқартқан уақытта босаған егістік жерге суды аз қажет ететін жоншықа, бидай, арпа тәрізді дақылдар егуді жоспарлаған. Нәтижесінде егілетін дақыл әртарапталып, суды үнемдеуде, топырақты сақтауға жол ашылмақ.

текше метр. Биыл су мөлшері бытырғымен шамалас болып тұр. 2021 жылы 4 млрд текше метр болған, биыл 4,3 млрд текше метр су бар. Ал «Кексарай» су қоймасының сыйымдылығы – 3 млрд текше метр. Былыр 1,1 млрд текше метр су бар еді, биыл жиналған жоқ. Себебі соңғы 2-3 жылда Өзбекстаннан келетін су азайды. Сырттан келетін су мәселесін Экология министрлігі шешпесе, біз ықпал ете алмаймыз. Жобалауымыз бойынша Арал теңізінде 20 млрд текше метр су тұр. Былыр теңізге 1,2 млрд текше метр су жібердік. Қазіргі жағдайымызды ескерсек, бұл аз емес», – деген С. Нұрымбетов.

**ШЕШУ ЖОЛЫ САН ҚИЛЫ**  
Дегенмен, үкімет тарапынан өткен жылғы құрғақшылық қайталанбас үшін кешенді шаралар қолға алынады. Ахуалды жақсарту мақсатында аймақта суды үнемді әрі тиімді пайдаланып, қуаңшылықты қайта болдырмаудың «Жол картасы» әзірленсе, облыс бюджетінен 20 су арнасы тазаланып, 23 насос алуға қаржы бөлінген. Алдағы уақытта тағы да 70-ке жуық насос алу жоспарлануда. Ал республика көлемінде трансшекаралық бассейндегі арналардың жеңдеу, суландыру желісінің магистральдық және шаруашылықаралық арналарын тазарту бағыты жанданбақ. Аталған жоспардың өнімді тармағы – егісті бақылауға алу, күрші, пияз сияқты ылғалды көп қажет ететін

**Өткен жылы орын алған құрғақшылық Сыр өңірін есептоткені шындық.** Сырдария өзеніндегі су мөлшері мен жауын-шашынның аздығы жем-шөп тапшылығына ұшыратып, салдарынан төрт түлік ашытқан қырылған. Мағла азық таппай сөнделген шаруаларға билікпен қатар қарапайым халық та қолдау көрсетіп, демеудің соңы жалпыұлттық ақцияларға жалғасты. Осылайша қыс түсе жағдай қайта қалыңқа келе бастағанымен өлі де құдік басым өді. Ауыл шаруашылығындағы мұндай келенсіздік экономикалық гана емес, экологиялық зардапқа жетелегендіктен бірде-біреуіне қуаңшылықтың алдын алу, келер кәуіпке дайындық жүргізу шарасы басты назарда.



**P.S. Құрғақшылық бір күндік мәселе емес. Экологиялық апат пен ғаламдық жылыну жағдайың күрделенуіне өкелгені анық. Бұл өлемде «бізге аатың жоқ» апат пен қателік болмайтыны тағы бір дәлелденгендей. Ендігі амал қолдағы мүмкіндікті пайдалану арқылы барды ұқсата білуде жатыр.**

Берен ШАҒЫРӨВ

Жалғасы. Басы 1-бетте

# ТРЕНД ЕМЕС, ТӘРБИЕ МАҢЫЗДЫ



– Бүгінгі жастар бабалардың «так, тәйт» деген тыйымдарымен емес, негізінен «тик-ток» арқылы тәрбиеленіп жатыр. Қоғамда жанашырлық, мейірім, қамқорлық, аяншы, обал мен сауапты білу, қанағат пен қайырым, ітпінат пен ізет орнына жаппай қатыгездік, аяусыз озбырлық, алдап, арбау, өтірік, өсек, мақтаншақтық, жалбақтау мен жарамсақтық орнықты. Еңбек ету, адал мал табу, Отанға, елге, мемлекетке адалдық, қоғам алдындағы жауапкершілік, Әділет, Ар, Ұят ұғымдары кейінге ысырылып қалды. Өз ордасын өзі талқандайтын, өз мүлкін өзі ойранға салатын, бұл әрекеті үшін бір сөз те ойланбайтын қаныпезерлік қайдан шықты? Әкенің сөзін баласы тыңдамайтын, қой дегенді білмейтін, үлкендерден ықпайтын, өз дегенінен шықпайтын, қыңыр да қырсық, тонмойын ұрпақ неге көбейді? Былыр Сенатта Ұлттық құндылықтар туралы парламенттік тыңдау өткізілді. Сенат бес құндылықты – тәуелсіздік және тарихи таным, ел мен жер, тіл мен имандылық, ұлттық дәстүр және отбасылық

**Осыған қарап, жорелсіміз, Сенат депутаты Нұртөре Жүсіптің «балалар «тик-ток» арқылы тәрбиеленіп жатыр» деп шыр-пыр бولاتыны бекер емес екен деген ойға қосыласыз. Себебі әлеуметтік желінің өскелең ұрпақтың дүниетанымы мен көзқарасына әсерін бүгінгі қоғам көйпінен аңғаруға болады. Қайда барсаныз да еңбектөген баладан өресекке дейін көз алмай бақылайтыны – ұялы телефон. Зиялы қауымның дабыл қағуы да сондықтан.**

тәрбие, білім мен біліктілік мәселесін қазақ қоғамының басты қағидалары ретінде күн тәртібіне шығарды. Үкіметке, тиісті министрліктерге ұсыныс берді. Осы ұсыныстарға қайта назар аударып, үкіметтің барлық мүшесін парламенттік тыңдау материалдарымен таныстырып, оларды жүзеге асыру бойынша шұғыл шаралар қабылдау маңызды. «Еларна», «Талим ТВ» арналарының жасөспірімдер мен жастар арнасы етіп қайта құруды ұсынамын. Бізде «Балапан» арнасынан басқа 10-18 жасқа дейінгі өскелең ұрпаққа арналған бірде-бір телеарна жоқ» деген еді Президент. Осы жастағы ұрпақ психологиялық, индустриялық, инновациялық саясаттан мүлдем хабарсыз. Мәдениет саласында да жанару, тазару, құндылықтарға айрықша мән беретін уақыт жетті. Қазақтың «Ала жіптен аттама», «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген даналығын жастарға бала күннен бойға сіңірудің аманын жасау керек, – деді сенатор. Тәрбиенің тұл бесіктен басталатынын ескерсек, ата-ананың тікелей әсер ететін бірден-бір тұлға екенін жасыруға келмес. Ал ата-

аналардың негізгі жұмысы қандай? Біз бүгінде мұғалімге көп жауапкершілік жүктеп жібермедік пе? – Ұлыма телефоны 4 жасында алып бергенмін. Әлеуметтік желілерде парақшасы бар. Бастапқыда өзім тұрақты жүргізіп тұрдым. Қазір 16 жаста бақылап отырамын. Сапалы дүниелер жасап келеді. «Тик-токтың» бүгінде түшке ие екенін жасыра алмаймыз. Өзім де түсіремін. Балаларымың да қатарынан қалмай өскенін қалаймын. Жаңа шыққан трендтерді қадағалап, ұлыма үйретемін. Кейде бірге түсіремін. Ештеңеге шектеу қойғым жоқ, бірақ бақылауда ұстаймын, – дейді белсенді әлеуметтік желі қолданушысы Аяулым Нысанбек. Бір кездері ұлы ақынды келемдеген көрініс әлеуметтік желілерді шарлап кетті. Бірінен-бірі көріп қайталайтын кейбір жастар мұны жаман санамады. Құптады. Ұлы ақынды келемек қылғанда басқа тұлғаларды да өз тректеріне арқау қылғанын көшілік көрді. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұв, Әліхан Бөкейханов сынды ұлт зиялылардың бейнесін пайдаланып, шұлағтты. Мұндайда ұлы тұлғаларымызды, ұлт зиялыларын аяқасты ету арқылы қаралым жинау, достарының санын көбейтуді

мақсат еткен жас ұрпақты елдің қамы, мүддесі үшін тер төгеді деу қиындау. Бұл ретте «баланы» «тик-токер» емес, патриот етіп тәрбелеу қажет» дейді пікір білдірушілер. «Тик-ток» әлеміне бас сұқсаңыз, неше түрлі жайтқа күй боласыз. Мұнда тәрбиелік мән бар дүние аз. Бірақ трендтен бұрын тәрбие маңызды», – дейді қала тұрғыны Айман Несіпбай. «Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қалпын, не түсер құр күлден жыртың-жыртын» деген Абай атамның сөзінен қалай асық, боз күлі мен елпектештіктің балаға тигізгәй пайдасы жоқ. Өзекті тақырыпты Нұртөре Жүсіптің сөзімен бастадық, сол кісінің тағылымды дүниесімен аяқтуды да жөн санап отырмыз. Балаға телефон ұстауға тыным сала алмаймыз. Ұстама десең де ұстайды. Қазақстанда қаншама IT маман бар. Неге солардың басын жинап, смартфонда мемлекеттік тілде білім беретін бағдарлама әзірлесек? Ешкім бірге жаңа мемлекет құрып бермейді. Ал бізге іргесі берік қоғам керек. Жаңарған қазақ елі керек. Ендеше, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеймін десеңіз, тәрбиесін бесікте жатқаннан тиянақтаныз. Баланың ұялы телефонға қазірден ауес болып, кейін опық жемеуіне кім келіпті!

Мөлдір САБЫРЖАН

Бала –  
әр отбасы мен мемлекеттің  
әл-ауқаты мен рухани жетістігінің  
бейнесі. Балалы үйдің бақыты мен  
қуанышты сәттері мол болса, ел болашағы мен  
қоғамдық даму процесі рөлден шығып кетпейді. Мемлекет басшысы  
2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялаған болатын. Сонымен бірге Мәдениет және  
спорт министрлігінің былтырғы бастамасы – «Балалар әдебиеті жылы» биыл да жалғасын табуда.  
«Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деді Президент.  
Осы орайда «Ақмешіт жастары» газетінің редакциясы балалардың шығармашылығы, жеке көзқарастарымен танысуға жол  
ашатын «Баспалдақ» атты айдардың тұсауын кеспек. Жаңа айдар арқылы оқырман өңірдегі балалар шығармашылығын тұрақты  
оқып, таныса алады.

## Ана жүрегі

Табиғаттың мамыражай келіп  
жеткен көктемі,  
Қарағаштар бүршік жарып,  
қарағайлар көктейді.  
Қыстың кетіп ызағары, науат қарда  
жібеді,  
Сезіледі көктемнің өң-бетіңе от лебі.  
Бесіктегі сүп-сүйкімді шырылдайды  
шарана,  
Шараның қолға алып, уатады жан  
ана.  
Бесік жырын толғатып, айтып берді  
анасы,  
Сезіп жатты ана үнін бесіктегі бала  
да.

Айлар айға ұласып, 18 жыл  
болыпты,  
Кіп-кішкентай шақалақ 18-ге  
толыпты.  
Тәмліш мұрын, қыңыр көз, бет-пішіні  
келбетті,  
Жігіттердің төресі, серісі де  
болыпты.

Ана болса тыным таппай асырайды  
баласын,  
Күндіз-түні жалықтастан жанмен  
тауып жарасым.  
Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға  
шоқтырмай,  
Дейді: "балам аман болсын,  
қатарынан қалмасын".

Ал бала ше? Бала болса оқымайды  
сабағын,  
Төбелеске жаны құмар, тентектеу  
ғой қарағын.  
Сыныбында осы ғана сотқар еді  
шынында,  
Қурсаулаған әлімжеттік, қатігездік  
қабағын.

Баласының өзгергенін анасы да  
байқайды,  
Жеке қалып сөйлесетін уақыт күтті  
оңтайлы.  
Ақ жаулығы желбіреген, мейірімді  
ананың,  
Көңіліне кірбің түскен, жүрегінде  
мұң-қайғы.

Сонда анасы баласына алабұртып  
сөйлейді,  
«Жеңе білгін аласарған қорқыныш  
пен үрейді,  
Жақсы адамның жүрегіне бақыт  
келіп түнейді,  
Жамандардың жүрегіне шайтан  
келіп түнейді» .  
Одан әрі ананың жүрегіне өкісктен,  
Не сөйлеуге, не жылауға әл-дәрмені  
келмейді.

Баласы да түсінді, ана алдында  
айыбын,  
Ана жүрек толғандай қасірет пен  
қайғы-мұң.  
Содан бері баласы жамандықтан  
жиренген,  
Ізгіліктің жылжытып, жалықтастан  
қайығын.

Қандай өмір сүреміз пешенеге  
жазылған,  
Ана-жүрек ұғады жан-дүниенді  
назыннан.  
Ана деген өмірдің құдіретін ұқтырар,  
Жалғандағы жалғыз-ақ қайта келмес  
қазынам.

Бағдәулет АЯҒАН,  
Қазалы ауданы Қожабақы ауылы  
№ 25 мектептің оқушысы

«Мұғалім – адамның ардақты аты,  
Білім де бар биікке шығар сағы.  
Ең алғаш басталады осы адамнан,  
Сүйеді сондықтан да жақын, жаты». Классик Сәбит Мұқановтың осынау  
шұмағын оқыған сайын терең ойға батамын. Себебі бұл алып-қосары жоқ,  
деп айтылған дүние. Жүрегі кең, бір-бір үйдің еркесінің сауатын ашып, бар  
қылығын көтере білетін аяулы жанды бүгінде өз дәрежесінде құрметтеп  
жүрміз бе? Оқушының көзінше мұғалімді төмендетіп, баласының сөзін  
сөйлеуге қоштырған ертен орық жері білер ме екен?  
«Бір әріп үйреткенге қырық күн сәлем бер» деген халық даналығы қазір  
құнды емес. Бірақ біз ұстаздың ұлы тұлға, өмірімізге азық болар білім нәріні  
себеулеуші жан екенін ұмытпауымыз керек. Түркістандық белгілі журналист  
Сардар Әбдіжақия жақында фейсбук әлеуметтік желісінде: «Ұстаз – бар болғаны  
өсс әріптен тұратын бір сөз. Шүндірілген тілімізді толық жетілдірген ата-ана  
емес, осы ұстаз. Біз мұны естен шығарып жатамыз. Алайда қазір кей жастардың  
ұстазға деген қарым-қатынасы естілерге жағра ұстайтын жағдайға жеткенімді  
байқадым. Мұғалімнің кемшін тұсын іздейтін, ұстазының үстінен арызданатын,  
керек десеңіз, «білім алып, сауатыңды аш» деген қадірлімді сотқа сүйреп  
жүргендерге айтар сөз де таппайсың», – деп қыжыла жазды.  
Бұл орайда орыстың көрнекті педагогі К.Ушинскийдің «Мұғалім – зор  
тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі сияқты» деген дана сөзін ұмытпасақ  
емес, осы ұстаз. Біз мұны естен шығарып жатамыз. Ал оның бағаны –  
мұғалім. Жанашыр ұстаздарымыз еліміздің үлкен ертінің  
үміті – бізді шың басына апарды. Ұстазды ұлықтасақ,  
қоғамда ойып тұрып орын алар азамат болып өсерміз  
де даусыз. «Алғыс айту» күні қарсаңында қолыма  
қалам алып, алғаш әріп танытып, мәнерлеп оқуға  
бауылған ұстазым Қазына Ахметқалиева мен  
Гүлмира Жүсіповаға ризашылымды  
айтым келеді. Сіздердің мәртебелеріңіз  
біз үшін ардайым биік.

Медина ЕРБАЙ,  
Қ.Мұхаммеджанов  
атындағы  
№1 мектеп-  
гимназиясының  
оқушысы

## ҰСТАЗҒА АЛҒЫС ЖАҒАУШЫЛАР МЕКТЕБІ

Күздің  
қоңыр  
кеші еді.  
Жаңа оқу жылы  
басталып, білімге  
деген ізденісіміз бір  
сатыға жоғарылағандай  
күймен сабаққа белсене  
қатысып жүрміз. Сондай  
күндердің бірінде үйге келсем,  
көкем бір мектепке іссапармен  
барғалы жатыр. Анықтап сұрасам,  
«Жағаушылар мектебі» екен.  
Қызық. Ондай мектепті бірінші рет естіп  
тұрмын. Демек, Жағаев деген кісі мықты ақын не  
жазушы, болмаса ұстаз болып тұр-ау деп ойладым.  
Әйтпесе атын ардақтан, тегімен мектеп атайтындай  
атақты болмас еді. Не болса да, көңілімде күман  
қалмасын деп, ол кісі туралы зерттей бастадым.  
Тағы да қызық күй кештім. Мен тек әдебиетке не мәдениетке  
еңбек еткендер ғана ел есінде қалады деп ойласам, қарапайым  
шаруа жасап та, жүзден жүйрік шығуға болады екен. Оның бір  
далелі – күрші өсіру арқылы әлемдік рекорд жасаған Ыбырай  
Жағаев. Кейбіреулер диқандық қызметті менсінбеуі мүмкін. Алайда  
Ыбырай ағамыз өз жұмысын жақсы көріп, адал еңбек еткендіктен  
еліне пайдасы тиіген, әлемді мойындатқан тұлға болды.  
Мен «Жағаев мектебі» жайлы есту арқылы оның өміріне үніліп,  
үпкен ойға тоқталдым. Адам қай ортада, қандай қызметте жүрсе  
де, өз ісінің маманы, өз жұмысының адалы болса, кез келген асуды  
алып, биікті бағындырып, өзінің мектебін қалыптастырады.

Элеонора САЗАНБАЙ,  
Қазалы ауданы, Ф.Мұратбаев атындағы  
№91 орта мектептің оқушысы

## Өткенге мағзблм

Ұлылары алған кезде шер-  
демін,  
Дара туған қорғады елін  
ерлерім.  
Ұрпағына құшақ жайып,  
айтуда  
Қысылтаяң шақта нені  
көргенім.

Ауған елі, салған еді зор  
былық,  
Соғыс ашты бұл не қылған  
сорлықты?  
Сіздер бізді, құтқарғандар  
бүгінді,  
Қоймау үшін болашағын қор  
қылып.

Тамағыңнан су өтпеді, азық  
түк,  
Тар қамалып, қан майданда  
жарықтық.  
Сіздер біздің елдікпенен  
ерлікті,  
Қақтыңыздар тың тарихқа  
қазық қып.

Он жыл бойы қан мен терге  
боялып,  
Көрінгендей КСРО-ның ойы  
анық,  
Ұйықтап жатқан ішіндегі  
халықтың  
Қасқыр-намыс қарсы шапты  
оянып.

Қанша жанды денсаулықтан  
айырды,  
Еске түсіп қырық екі  
байырғы.  
Біздер де оны ұлылық деп  
ұғамыз,  
Сіздер біздің жолымызға  
сай ұлт.

Ардагерлер ізгілігін күн  
көреп,  
Еткен ерлік, теккен тері  
кімің дер?  
Рахметіммен аяқтаймын  
жырымды  
Менгі қалар бұл оқиға, бұл  
бедел.

Сіздерменен күніміз де  
өрленер,  
Біздің жолға бар бақытты  
салған ең,  
Алғыспенен қошеметке  
лайықты,  
Отан үшін отқа түскен  
ардагер!

Батыр СӘБИТОВ,  
Қазалы ауданы,  
Ф.Мұратбаев атындағы  
№91 орта мектептің  
оқушысы



## ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ



Қызылордада мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан құбоғы мәресіне жетті. Беделді бәсекелде Нұр-Сұлтан, Шымкент, Алматы қалалары және Алматы, Түркістан, Қарағанды, Ақтөбе және Атырау облыстарынан 63 спортшы бақ сынады.

Салтанатты шарада Парламент Мәжілісінің депутаты, Ұлттық конькимен жүгіру федерациясы республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті Андрей Линник, «Абзал және К» толық серіктестігінің директоры, облыстық коньки тебу федерациясының президенті Мағжан Ералиев, Элизабет Тұрсынбаева қорының президенті Байтақ Тұрсынбаев, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Асылжан Жаманқұл жөнімпаздарды маарапаттау рәсіміне қатысты.

Жалпықоғамдық ұлай бойынша Қарағанды облысы көш басына шықты. Одан кейінгі орындарды Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының спортшылары өзара бөлісті. Жерлестеріміздің де жарыста мерейі үстем болғанын айту керек.

## «СТРАНДЖА» БӘСЕКЕСІ: 17 БОКСШЫ ЖҮЛДЕГЕ ІЛІКТІ



Болгария астанасында бокстан халықаралық турнир аяқталды. Осымен 73-ші рет ұйымдастырылған «Странджа» бәсекесі отандастарымыз үшін сәтті өтті. 17 боксшы жүлдеге иілікті.

Қазақстан құрамасы 4 алтын, 4 күміс және 9 қола жеңіп алды. Атап айтқанда, жеңіл салмақтағы Махмұт Сабырхан мен ауыр салмақтағы Сағындық Тоғамбай барлық қарсыласын айқын басымдықпен ұтты. Ал қыздар арасында Назым Қызыбай мен Валентина Хальзова алдында жан салмады. Күміс жүлде Дина Жоламан мен Лазат Күнгеібаеваға бұйырды.

Бұған қоса Дамир Әбдіқали және Дулат Бекбауов финалда ғана қарсыластарына есе жіберді. Айта кетейік, Софиядағы додаға 36 елден 500-ге жуық қатысушы жиналды. Олар бір апта бойы өзара мықтыны анықтады. Әуесқой боксшылар үшін бұл жылдың алғашқы халықаралық бәсекесі саналады.

## БЕЙЖІНДЕГІ БӘСЕКЕ



Қазақстандық паралимпиадашылар қысқы Олимпиада ойындарына дайындыққа кірісті. Бұл туралы Қазақстан Паралимпиада комитеті мәлімдеп, параспортшылардың Қытайдағы жаттығуы барысындағы фотосуреттермен бөлісті.

Қазақстан сапынан қысқы Паралимпиада ойындарына екі спорт түрінен бес спортшы қатысады. Мұнда отандық атлеттер пара шаңғы мен парабатлон бойынша бақ сыйнайды.

Ел құрама сапынан жарыс жолына шығатын спортшылар келесідей: Александр Герлиц, Ербол Хамитов, Сергей Усольцев, Юрий Березин мен Денис Петренко.

Бетті дайындаған: М.ШАДИН



## «ВОЛЕЙБОЛ – ИНТЕЛЛЕКТУАЛДАР ОЙЫНЫ»

Қазақ елінің даңқын шығарған спорт түрінің бірі – волейбол. Ал Қызылордада волейболдың өріс алуы 1951 жылы қалада қызметтік жолдамамен Ленинград қаласынан келген спорт шебері Александр Бирюковпен байланысты. Республикалық дәрежеде көрінуіне «Динамо» лақап атымен облыс құрамасы намысын ұзақ жылдар қорғаған Тұрғанбек Алтынбековтің еңбегі зор. Жалағаштық Сұлтан Бекжанов пен Серік Абдуллаев, Жұматай Сүйіндіков, шіелілік Жағыппар Айтжановтар мықты ойыншы болуымен қатар шәкірттерін жетілдіріп, облыстық деңгейде волейбол спортын дамытуға атсалысты. Бұл спорт түрінің қарқынды дамуы осындай нәтижелі еңбекпен байланысты. Тіпті, қазір облыста «Бақсайыс» әуесқойлар командасы бар. Жақында команда жаттықтырушысы Әбдіманап Төреқожаевпен тілдесіп, қызықты спорттың қыр-сырына қаныққан едік.

– Өңгімімізді бастамас бұрын осы спорттың қысқаша тарихын тарқатсақ...

– Волейбол 1895 жылы АҚШ-та пайда болған. Негізін қалаушы – Уильям Морган. Волейбол тарихындағы маңызды оқиға ретінде 1922 жылы бүкілхалықтық турнирдің өтуін айта аламыз. Сол жылы Чехословакияда алғашқы федерация құрылды. Бұл – волейболдан әлемдегі алғашқы спорттық ұйым 1925 жылдан бастап КСРО, Болгария, Жапония және АҚШ мемлекеттерінде осы спорттан федерациялар пайда болды. 1947 жылы халықаралық волейбол федерациясы (FIVB) құрылды. Еуропа және әлем чемпионаттары басталды. 1964 жылы волейбол Олимпиада ойындарына енгізілді. Қазір 110-нан астам ел FIVB-тің мүшесі. Бұл – тұтас команданың шеберлігі шыңдайтын және интеллектуалдардың басын қосатын спорт.

– Спорттың түрі көп. Негізгі волейболға тоқталдыңыз?

– Бұл – жеңіліс табатын немесе жеңіске ұмтылдыратын талас пен тартысқа толы спорттық ойын. Ал жеңіліс пен жеңіс қатар жүретін жерде бәсекелестік бар. Бәсекелестік – дамуға, нәтижеге бастайтын фактор. Волейболды тандауымызның сыры осында.

– Команда жасақтау идеясы қашан, қалай пайда болды?

– Алғашқыда 4-5 адам ойынға келетінбіз. Бара-бара қатарымыз толықты. Арамыздағы ойыншылар да осал адамдар емес. Уақыт өте ақылдасып, аумандық, қалааралық ойындарға шығуға келістік. Осылайша бірауыздан «Бақсайыс» командасын құрып, 2018 жылы желтоқсан айынан бастап жарыстарға шыға бастадық.

– Бүгінде спортта моральдық қолдауды айтағанда материалдық қолдаудың маңызы айтарлықтай.

Демеушілеріңіз бар ма?

– «Абай Дәулет» серіктестігі – команда демеушісі. Біздің жарысқа шығуға қажеттілігімізді қамтамасыз етумен айналысады.

– «Бақсайыстың» арнайы дизайнері бар ма, топтың формасына қатысты тоқталсаңыз...

– Форманы дайындауда арнайы маман көмегіне жүгінбедік. Өзіміз бірнеше үлгіні ортаға салып, көптің көңілінен шыққанына тоқталдық.

– Бүгін дейін бірнеше бәсекелде бақ сынағандарыңызды айттыңыз. Есте қалғаны қайсы?

– «Бақсайыстың» алғашқы жарысы 2019 жылы өтті. Қалалық турнирлерден бөлек, Қармақшы, Жаңақорған, Арал, Шиелі, Терөзек аудандарындағы додаларда өнер көрсеттік. Бір ойынның орны бөлек және әр жеңіс командаға шабыт сыйлайды. Өткен жылы Жиенбай жырау Дүзбенбетұлын еске алуға

арнапған Қармақшы ауданы, Тұрмағанбет ауылында өткен турнирде жүлдегі I орын алдық. Одан бөлек Түркістан облысында өткен жарыста III орынды иелендік. Алматы облысына да жарысқа шықтық. Бұл жарыста алматылық «Орбитадан» басымдық көрсетіп, номинация еншіледі. «Орбита» – республикадағы танымал құраманың бірі.

– Алға қойған жоспарларыңыз қандай?

– Жоспар көп. Басты орында – команда құрамын кеңейту. Біз қазір спортсүйер жастарды, оның ішінде волейболға қызығатын ойыншыларды дайындауды бастап кеттік. Облыстық жарыстарға шығып жүрміз. Ендігі мақсат – республикалық турнирлерге шығу.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Өңгімелескен: Лунара ОРЫНБАЙ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

## «ЖҮЗУГЕ ҚАТЫСҚАН БАЛА ИКЕМДІ КЕЛЕДІ»

Жүзу – бойды есіріп, ой сергітетін спорт түрі. Ол жүрек қағысын жиілетіп, қан айналымын жақсартады және бұл спорт түріне бала кезден дағдылау қажет деген пікір бар. Ұлыбритания билігі балаларды ерте кезден осы спорт түріне бейімдейді.

Жүзу Англияда мектеп бағдарламасына енгізілген. Өдетте бассейнге барар алдында сынып үшке бөлінеді. Жақсы жүзе алатындар жаттықтырушысымен бірге бөлек кетеді, су бетінде қалқуды ғана білетіндер тізеден келетін жерден жаттығады. Мүлде жүзу білмейтіндер де бөлек топ болып үйрене бастайды.

Ағылшындықтарға қаршадайынан жүзу мәдениетін сіңірудің арқасында бұл спорт түрі бүгінде Ұлыбританияда танымалдығы жөнінен алдыңғы қатарда.

Жүзу Ұлыбританияда ұлттық спорт деңгейіне көтерілген. Тіпті ол ағылшындық тұрмыс салтының міндетті атрибутына айналып кеткен.

Елімізде де жүзу спортына мән берілуде. Мысалы, қаладағы №264 мектеп-лицейі оқушыларының оқу процесінде жүзуді меңгеруіне мүмкіндік қарастырылған. Ата-аналар да бассейнді талапқа сай екеніне көз жеткізген. Бассейнді тұрақты түрде ұстап тұру үшін қыруар қаржы керек екені түсінікті. Суды ауыстыру, тазалауға

себілетін хлорлы дәрі әжелтеуір қаржыны қажет етеді. Сондықтан болар елімізде мұндай мүмкіндік қарастырылған мектеп аз. Алайда мамандар «Жүзу спорты барлық мектепте жүргізілмейінше су спортынан аз уақытта жетістікке жете алмаймыз» деген ой айтады. Ал бұл уақыт еншісіндегі дүние.

Бірақ қазір баланың ақылы спорт секцияларында өзін дамытып, осы спортты меңгеруіне жол ашылғанын айту керек. Бұл, әрине, ата-анақалтасының қалыңдығына байланысты. Тіпті мұндай орталықтарда арнайы мамандардың

көмегімен сәбилердің жүзуді үйренуіне жағдай жасалған. Мысалы, Ж.Әбдірашев көшесінде орналасқан «Аквадетти» орталығының іске қосылғанына 4 жылға жуықтапты. Келушілер саны көп. Жаз мезгілінде жүзуді үйренуге келетін балақайлар екі-үш есеге көбейді екен.

–Жалпы, бассейн басқа спортпен салыстырғанда екі есе күшті талап етеді. Суға қарсы жүзу арқылы дене шымыр болады. Бассейннен кейін баланы қандай спорт түріне апарсаңыз да, денесі жаттыққан болып барады. Себебі суда дененің әр бөлігі шынығады. Жүзу кезінде барлық бұлшықет жұмыс

істейді. Суда не ақпен, не қолмен кезек-кезек жүзе алмайсыз. Бәрі бір уақытта қимылдау тиіс. Әр бұлшықет түрліше күш алады. Сол себепті бұлшықет өз формасына қарай қалыптасады, – дейді жаттықтырушылар.

Мұндай орталықтарға ДЦП, аутизм, дауң сіндромы сияқты диагноз қойылған балалар да келеді. Қарапайым балаларға қарағанда оларға салмақ салынбай, белгілі норма сақталады. Бағасына тоқталсақ, айына 12 рет келсеңіз, шамамен 33 000 теңге төлейсіз. «Бұл – шығын емес. Баланың денсаулығына қажет капитал» дейді мамандар.



Көктемгі мереке күндері қыз-келіншектерге тарту жасау – жылдағы дәстүр. Әр жігіт анасын, қарындасын немесе сүйгенін қуантуға асығып, түрлі сыйлық жасауға талпынады. Әсіресе, көңіл қуантар сыйлықпен қатар әдемі гүл шоғын тарту ету мейрамның ақырамын нышанына айналған. Содан болар,



8-наурыз қарсаңында қала толы гүл құшақтаған ару, жайдары жүзді жаңа толады. Алайда осы тұста ер азаматтарды

# ФЛОРИСТ КЕҢЕСІ: ГҮЛДІ ҚАМАЙ ТАҢДАУ КЕРЕК?

«жақынды қуанту үшін қандай гүл сыйлаған дұрыс?» деген сауал мазалары белгілі. Расында адамдар мереке күндері көбінесе анасы, әкесі, сүйікті жандарына гүл шоғын іздейді. Алдымен гүлдің кімге арналатынын маңызды. Аналарға ашық, сары түсті гүл сыйлаған жөн. Ал әжеге сыйлайтын гүл көзге жайлы әрі сұр түсті болуы шарт. Өйткені тым

Сонымен мейрам қарсаңында қай гүл түрін сыйлауға болады? Олардың сан түрлі сыры қандай? Флорист кеңесіне көз салыңыз.

Гардения – жасырын, тылсым махаббат, көріктің деген мағынада беріледі.

Қалампыр гүлі абырой, намыс мағынасын береді. Ойлердегі тән махаббат белгісі. Қалампырдың әр түсінің өзіндік сыры бар. Мысалы, ақ қалампыр – тілекшісі деген сөз. Ал сары қалампыр – сеніммен қарауға шақырғанның белгісі. Қызыл қалампыр сыйға тартса, онда жеңіс пен табыс сіздің жағрыңызда дегенді білдіреді.

Глоксиния бір көргеннен ғашық болуды білдіреді. Шығыс гүлі (гортезия) мені есінде сақта деген мағынаны меңзейді.

Жалғыз арасында осы гүлдің ауру мен бақытсыздықты аластауға әсері бар деп те айтылады. Ақтамақұл немесе жасмин – сезімталдығын әйелге тән нәзіктіктің символы. Үнділер жасминді махаббаттың жарық жұлдызы деп атаиды.

Лаванда сыйлағыңыз келген жанды ешқашан ұмытпайтындығыңызды айтыңыз келетіні айқын.

Лагун (лилия) бұл гүлді көне римдіктер байлық пен қазынаның белгісі ретінде бағалап, тіпті оны тыңдарының бетіне берген. Ақ раушан – кіршіксіз тазалықтың белгісі. Сонымен бірге құпия сырлы адамдарға тән. Сары раушан – бақыт, қуаныш. Егер қызыл раушан гүлімен сары раушан аралас сыйланса, әдемілік пен құштарлық қатар жүреді.

Қызыл раушан гүлі махаббат, сезімді білдіреді. Тойға сыйланатын раушан гүл бақытты махаббаттың белгісі. Бөртгүл (сирень) – әдемілік пен махаббаттың бірінші сезім айту сыры. Сирень ақ болса бірінші махаббат, күлгін болса махаббатты жайында сыр ашу, сезімді білдіру, менің жүрегім саған аманат деген мағынада сыйланады.

Қызғалдақ (тюльпан) – махаббат символы. Сары түсті сәңкі күлгін «күлгін» күндей сыйғырайды деген мағынаны білдіреді. Қызыл түс өз сезімің оқиғаның түсіндіру, сезімді жеткізу. Ежелгі Шығыста гүлдің түсін жылдың мезгіліне сай таңдаған. Солғын түсті гүлдерді қыстың, ақшылғын күзде, көк гүлдерді көктемде және қызылғын жазда сыйлау дәстүрі болған.

Дайындаған: **Берен ШАҒЫРОВА**

алабажақ болғаны егде жастағы адамдардың көзіне көрі әсер етуі ықтимал. Оның үстіне кеңестік кезең өкілдері көбіне бұрынғы гүл сыйлау этикетін ұстануға тырысады. Ол гүлдің түсі мен түрін таңдауда тікелей әсер ететінін ұмытпаңыз. Ал ата-ананың жаңаша көзқарасты адам болса, қай түсті ұнататынын әсере отырып, үлкен гүл шоғын тарту етуге жол ашық. Қызметтес әріптестерге риясыз достық көңілді айғақтайтын қызғылт, қызыл түстегі гүлдерді сыйлау жарасымды болса, мерейтойға арналған сәбет не гүл шоқтарын алар кезде оның үлкен, қымбат гүл композицияларының құрауына мән беріңіз. Ал бойжеткендерге талғам бөлек. Қыздар жігіттің жомарттық танытып, голланд раушандарын неғұрлым қомақты етіп сыйлағанын қалайды. Қызыл, қызғылт түстегі қыздардың көбі махаббаттың, сүйіспеншіліктің белгісі деп ұғатыны тағы бар.

Әдепке келер болсақ, гүл сыйлаудың да қалыптасқан жолы бар. Мысалы, үлкен қалаларда ешқайда бармай-ақ телефон не интернет арқылы гүлге тапсырыс беруіне болады. Сыйлықты қабылдаудың да жөн-жоралғысы өзгеше. Гүлді алғыс айтып, орамынан алып, қонақтар отыратын бөлмедегі құмыраға салып қоюсыз. Аласа, шағын гүл шоғы болса, үстелдің үстіне де қоюға болады.

Алдымен, байқау барысына тоқталсақ, Шыммент қаласында ұйымдастырылған ең ауқымды білім додасына республика бойынша 800-ге жуық оқушы ғылыми жұмысын ұсынған. Жаратылыстану-математикалық бағытта 389 жоба таныстырылса, қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша 208 авторлық еңбек қорғалған. Сыр бойындағы NIS-тен байқауға 9-сынып оқушысы Арайлым Өшірмет, 12-сынып оқушылары Нұрай Өмірзақова мен Зарина Айсаяутова қатысып, жас ғалымдар тілтаным, өндіріс және өлкетану

пайдаланады, ал лонгрид визуалды форматта болған соң қолдануға тиімді бола түседі. Сыйттын басты артықшылығы – барлық адамға қолжетімділігіне, яғни қолданушыдан тіркелуді қажет етпейді. Жасақ да ешқандай шектеу жоқ. Лонгридтер автор және кітап жайлы мәлімет, кітаптың экранизациясы, автордың басқа кітаптары туралы ақпарат беретін төрт-бес бөліктен тұрады. Платформадан өзгіре он бес кітап бар. Олар жыл басында оқушылар арасында талқыланып, тандаған. Кітап санын шай сонына дейін көбітеу ойымызда бар. Сайт қазақ әдебиеті, орыс және шетел әдебиеті соңғы үш рубрикадан тұрады. Қазақ әдебиеті бойынша Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы, Бердбек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» кітабы, Мұхтар Әуезовтың «Көксерек» шығармасы тандаған, – дейді Арайлым.

Кезекші редактор: **Мөлдір САБЫРЖАН**

«Дарын» ғылыми-практикалық орталығы өткізген республикалық жобалар байқауына қызылордалық зияткерлер жүлделі оралды. Жобалар арасында үздік деп танылған Арайлым Анарбекқызының электронды «кітап сөресі» оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында жасалған. Әдеби сайттың авторы бізге жобаның артықшылықтары жайлы кеңінен айтып берді.



# ЭЛЕКТРОНДЫ «КІТАП СӨРЕСІ»

Кітапты заман талабына сай әртүрлі нұсқада ұсыну осы мәселенің шешуін тиімді тәсілі екені рас. Осыны ескерген Арайлым бұл жобаны өткен жылдан бастап қолға алған. Жоба идеясы мен оның құрастырылуы барысын кейіпкеріміз келесідей әңгімелейді: – Элективті курс кезінде лонгрид деген жаңа форматпен таныстық. Сол кезде лонгрид терминіне деген ерекше қызығушылық пайда болып, әртүрлі өңгімелер, кітаптар жайлы лонгридтер жасай бастадым. Лонгрид – ауқымды мәтіндерді интернет желісінде қызықты етіп берудің жаңа жолы. Менің лонгридтерім сайтта интерактивті, яғни визуалды форматта берілді. Өйткені жасөспірімдер интернетті



Айта кетейік, Арайлым бұл жобасын жетекшісі Айгүл Абуовамен бірге құрастырған. Тын идеясын ұсынған оның өніміне әділқазылар тарапынан сайтта пікір жазатын орын дайындау жөнінде ұсыныс берілген. – Сайттың шешуші кезеңінде барлық қатысушылар жұмыстарын арнайы көрмеге қойып, келушілерге таныстырды. Біз жобаларды көрме барысында жеке-жеке қорғадық. Бұл мүрағилерден мен оқушыларға жобамның кезеңін түсіндіруге мүмкіндік берді. Мен қатысқан секцияда өзіндік ерекшелігі бар үздік 19 жоба қорғалды, – дейді байқау жеңімпазы. **Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ**

# JULDYZ - JORAMA!

(3 – 10 наурыз)

**Тоқты**  
Ешқашан асығыстық жасамаңыз. Алайда шұғыл шешімді қажет ететін жағдайда жылдам әрі қарындан түрде әрекетке кірісіңіз. Әмірнізде болып жатқан жағдайды жеделдетуге тырысыңыз. Тік миыңызда шешіміз сырып, кей жағдайда икемділік, кейбірінде қулық танытуға тура келеді.

**Торпақ**  
Апта жетістікке жетуге сәтті уақыт. Сондай-ақ өміріңізде келесіздіктер болмайды. Жақсы жұмысқа орналасып, жаңа бастауға көшу мүмкіндігі туады. Кәсіп бастау маңында келіссөздер жасау немесе ауқымды іскерлік кездесу өткізу септігін тиізеді.

**Егіз**  
Өмірді қайта бастауға құлшыныс артып, өмір қызығын сезінесіз. Махаббатта жолыңыз болады. Діттеген мақсатқа жету үшін бұл апта таптырмас уақыт. Жолыңыз болып, көп нәрсеге оңай қол жеткізесіз. Сондықтан берілген мүмкіндікті қатт жібермеңіз.

**Шаян**  
Аптада жаңа қарым-қатынас бастап қана қоймай, өскіні де реттей аласыз. Жағымды жағдай мен өзгеріс орын алғалы тұр. Барлығына да дайын болыңыз. Дегенмен оларды айтарлықтай қиындақ болмайды. Бұл апта демалып, ем алуға таптырмас уақыт. Сондықтан кезекті еңбек демалысыңызды осы уақытқа жоспарласаңыз, өкінебейсіз.

**Арыстан**  
Көп ойланып, түрлі жоспар құрып, алғашқы қадам жасасаның. Жұмыстың нәтижесін көресіз. Апта соңында қабылдаған шешімнің дұрыс-бұрыстығына көз жеткізіңіз. Биікке жетуді де, төменге құлдырауды да бастан өткеруіңіз мүмкін. Апта соңында күтпеген оқиғасы жасалуы мүмкін.

**Биікеш**  
Өміріңізде айтарлықтай өзгеріс болады. Өмірлік серігін іздегендер жаңына жақын адамды табады. Жұмыста басылуықтың жеңіл шағымына мән бермеуге тырысып, діттеген мақсатыңызға жетер жолда табандылық таныту керектігін естен шығармаған жөн. Қаржы мәселесіне көп көңіл бөлген дұрыс.

**Таразы**  
Қаржы сапасында, жалпы, көз келген жарыста жеңіске жетесіз. Кәсіп бастағысы келгендерге сәттілік серік болады. Алайда істі достарыңызбен бірге бастамаған жөн. Жеке өміріңізде маңызды кездесулер орын алады.

**Сарышаян**  
Алдыңыздан көптеген сынақ шығуы мүмкін. Алайда бұл сіздің тәзімділігіңізді тексеруге жақсы мүмкіндік. Егер сынақтан сүрінбей өтсеңіз, әрі қарай үлкен жетістікке жетесіз. Жұлдыздар асығыстық танытауға және өзгелердің сізді басқаруға икемділігіне қол бермеуге кеңес береді.

**Мерген**  
Үнемі қиын жағдайдан шығудың жолын іздейсіз. Сонымен бірге аптада көп нәрсеге қол жеткізе аласыз. Осы айда жеке өміріңізге қатты өзгеріс әкелуі мүмкін. Қаржы саласында сәттілік болуы мүмкін. Үлкен табысқа келесіз. Алайда берілген мүмкіндіктің өзі жолдарды жүзеге асырудан анағұрлым маңызды.

**Таяушкі**  
Аптада жақсылық болғалы тұр. Сонымен бірге қызықты ұсыныс түседі. Мәселен, білімділікті арттыру курстарына қатысу. Мұндай ұсыныстан бас тартпаған жөн. Осы уақытқа дейін жасаған жұмысыңыз өз жемісін береді. Сондықтан қорықпай, жаңа жобаны қолға алыңыз.

**Сұқүйгіш**  
Аптада әріптестермен жанжалдасып, қаржылық қиындықтарға душар болуыңыз мүмкін. Алайда келер апта бәрі реттеледі. Қиындықтан шығып, табысқа қол жеткізу үшін бағытыңды таңбау керек. Жұлдыздар ақшаны ұқыпты ұстауға кеңес береді.

**Балық**  
Апта қиын мақсатты жүзеге асыруды қолға алатын уақыт келеді. Аптадағы әрбір әрекетіңіз өнімді болады. Махаббат шығарымшылық, қаржы сізге қиындақ келтірмейді. Ойға алған жоспарыңыз іске аспай, бір орында тұралап қалғандай көріне бастайды. Алайда бұл туралы көп ойлап, ұяйымданыңыз. Себебі бәрі аз уақыт ішінде реттеледі.

**АҚМЕШІТ жастары**

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелу алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.

«Ақмешіт жастары» облыстық газеті

ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

**Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

<b>БАС ДИРЕКТОР</b> Аманжол ОҢАРАБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдіреді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үні» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.	<b>Таралымы: 8059</b> <b>Тапсырыс: 311</b>
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10	Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz	
<b>БАС РЕДАКТОР</b> Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ		